

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан Республикасының ғылымның қызметкері күніне арналған
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

12 сәуір 2013 жыл

VI Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

12 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 250 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

Райымбергенова К.Т.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

ТЕРГЕУ СИТУАЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Ғұлама ғалым Әл-Фараби «Әуелі адамға тәртіп, одан кейін білім керек, өйткені білім тәртіпсіздің уысына түссе еліне опат алып келеді» деген екен. Олай болса, тергеушілердің мемлекет дамуына қосар үлестері ерекше әрі елеулі деп білеміз. Тергеу қызметі – ішкі істер органының бет-бейнесі десе де болады. Әрбір қылмыстық істің артында бір ғана адамның емес бірнеше адамның тағдыры тұрады. Мемлекетіміз қазіргі таңда тергеу қызметкерлеріне көмек беру жағын қатты ойластыруы тиіс, себебі олар өзге мемлекеттік қызметкерлермен қатар мемлекет атынан жұмыс жасайды, әрі белгілі бір билік құзыреті бар болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқына жолдауында “ Қазақстан өз даму сатысында жаңа табыстарға қол жеткізуде. Стратегиялық міндет: Қазақстан бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуі,” – деді. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, діни экстремизм, халықаралық терроризм және есірткі саудасына қарсы күресті арттыру арқылы жетуге болатынын атап көрсетті. Қазақстан бүгінгі күні терроризм, ұйымдасқан қылмыс, заңсыз қару, есірткі сату т.б. қауіп қатермен күрес жолында дүние жүзі елдерінің одақтастықты нығайту және кеңейту үшін қажетті жағдайлардың бәрін жасауда. Орта Азия аймағындағы мемлекеттердің одақтастығының артуы қазіргі заманға қылмыс түрлеріне қарсы тұра білудің кепілі [1]. Бүгінгі күн психологиясы тұрғысынан алғанда құқық қорғау органдарының тергеу бөлімдерінің тұрақтылығы мемлекет тарапынан белгілі бір материалды және басқа қызығушылықтан бөлек психологиялық көмекті қажет етеді. Сондықтан да, мемлекеттік деңгейде тергеу қызметкерлерінің беделін көтеру қажет.

Тергеу органдарының кәсіби іс - әрекеті мемлекеттік іс - әрекет мемлекет бұл органдар алдына азаматтардың қылмыстық зиянкесті әрекеттерінен қорғауға бағытталған белгілі бір мақсатпен міндеттеуді қояды [2].

Тергеуші болу үшін, арнайы табиғи нышандардың болуы қажет емес. Тергеу іс - әрекеті үшін жүйке жүйесі, ми, темперамент типінің рөлі зор. Т.Богдан, Холерик және меланхоликтік темпераменттер соттық қылмыстық қызмет үшін түбірлі түрде қарама- қарсы деп түсіндіреді.

Ал В.Ф. Конн тергеуші қызметіндегілер адамгершілік негізде қызмет етулері керектігі жөнінде зерттеген.

Біздің тәуелсіз жас мемлекетіміз жаңа , түбірлі өзгерісті , яғни сапалы күйге көшуді жүзеге асыруда және демократия , әрі нарықтық қатынастар бәсекелестік жағдайына икемделгіш , әрі белсенді, жан- жақты дамыған жеке тұлғаларды қажетсінеді.

Тергеу органдары қызметкерлері жеке тұлғасының қалыптасуы мәселесін екі жақты қарастыру керек: Сыртқы әрі ішкі.

Тергеуші жеке тұлғасының қалыптасуы барысында сезіну мен өзіндік сана - сезімнің рөлі артуы тиіс. Егер де қызығу , қажеттіліктер , мотивтер мен мақсат жұмыс мазмұнына сәйкес келіп жетсе , бұл жағымды оң нәтижелерге жеткізетін болады.

Психикалық заңдылықтарды білу , оны оперативті іздеу іс - әрекетінде қолдану және арнайы психологиялық әдістемелерді қолдана білуі тергеушінің жұмысын жеңілдететін әбден мүмкін. Өйткені өзіне қажетті адамдармен бірге қарым - қатынасқа терең түскен жағдайда өз әрекетін реттеп жүйелей алуы, заң бұзушы адамдардың мотивтерін терең түсінуі, объективті объекті тани біліп оны дұрыс бағалап, нәтижесін практикалық іс - әрекетінде қолдана білуі абзал.

Тергеуде жасалған жұмыстардың барлығы да сотта ерекше мәнге ие. Неге десеңіз, судьялар сол тергеу ісінің нәтижесі арқылы белгілі бір қорытындыға келуге мәжбүр. Соңғы кездері сотқа келіп түскен қылмыстық істердің жалпы саны азайғанмен, сапасы жақсарған жоқ. Бұған мысал 2011 жылы облыстық соттарға барлығы 2 855 қылмыстық іс түссе, ал, 2012 жылы 2029 қылмыстық іс, яғни, 826 қылмыстық іске кем түскен. Осы 2011 жылы қаралған қылмыстық істердің тергеу сапасының нашарлығына байланысты 28 іс қосымша тергеу жұмысын жүргізу үшін кері қайтарылған. Ал, 2012 жылы қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істер саны 13 болды. 2012 жылы қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істер саны азайғанымен, алдын ала тергеудің сапасы жақсарды деп тағы айта алмаймыз. 2011 жылы облыс бойынша 4 адамға ақтау үкімі шығарылса, ал, 2012 жылы бұл көрсеткіш 17 адамға өсті. Ақтау үкімінің қандай жағдайда шығарылатыны белгілі. Оған себеп тергеу жұмысы сапасының өте нашарлығы, қылмыстық іс жүргізу заңдары талаптарының өрескел бұзылуы болып табылады. Тергеу жұмыстарының сапалы жүргізілуі қоғамға қауіпті қылмыс жасағандардың заң алдында әділ жазасын алуларына, қылмыстан зардап шеккендердің заңды құқықтарының қорғалуына кепіл болмақ.

Қылмыстық іс жүргізудегі міндетті мынау тергеушінікі, мынау прокурордікі, мынау соттың жұмысы деп бөле қарауға болмайды. Қандай да қылмыстық іс болмасын, істің дұрыс тергеліп, әділ шешімін табуы біздің ортақ міндетіміз. Сондықтан да, қылмыстық іс тергелу кезінде заң талаптары қатаң сақталуы тиіс. Әр уақытта тергеу кемшіліктері сот талқылауы барысында анықталып жатады.

Шындығында, сот әділдігін жүзеге асыруда алдын ала тергеудің, анықтама жұмыстарын сапалы жүргізудің маңызы аса зор. Алайда, сот тәжірибесінде көргеніміздей, көптеген кемшіліктердің салдарынан атүсті, шала-жансар тергелген істер өз деңгейінде дәрежеленбей, кейбір

қылмыскерлердің жеңіл жазамен құтылуына, ал, кейбір кезде соттан ақталып кетуіне әсерін тигізуде. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 116-бабы бойынша, тергеу кезінде жіберілген кемшіліктер сот талқылау барысында алынып тастауға жатады. Бұл сот әділдігінің дұрыс шешілуіне, әрине, теріс әсерін тигізеді. Біздіңше бұның бірнеше себептері бар деп санаймыз. Себебі, қазіргі кезде тергеушілер сезікті адамды ұстағаннан кейін, ол қалай жауап беріп мойындады, тек сол бағытта қалып қояды да, қалған болжамдар тексерілмейді. Кейін айыпталушы есін жиып алғаннан кейін әртүрлі жорамалдар мен себептер айтып, сол тергеуді тұйыққа тіреп қояды.

Тергеушілер тарапынан нақты қандай қателіктер жіберіледі деп қарасақ:

1) Үнемі жіберілетін кемшілік қатарына оқиға болған жерді қарау хаттамасын қосуға болады. Хаттаманың бәрі қолмен жазылып жүр қазір. Қолмен жазған жазуды оқу тіпті, мүмкін емес кейде.

2) Екіншіден, сол оқиға болған жер суретке түсіріледі. Ал, ол бұрын түрлі-түсті фото карточка болып шығарылатын, қазір не себептен екені белгісіз, кара-ақ түсті етіп принтерден шығарылады. Ондай суреттерден қандай зат, қандай жер түсірілгенін анықтау мүмкін емес. Оның үстіне, түсіру кезінде тергеуші масштабтық линейка дегенді қолданбайды және детальдық, панограммалық, бұрыштық деген фотосуреттер жоқтың қасы. Қалай болса, солай түсіріледі. Суретті теріс төңкеріп түсіріп, жапсырып қойған жағдай да болды. Сосын осы оқиға болған жердің хаттамасына схема сызылмайды. Схема сызылса, сотта іс қарағанда оны бақылайтын, қадағалау жасайтын прокурорға да жеңіл болар еді. Және бірізділік жоқ. Бұрын «спиральный образный» дейтін, мысалы, бір жерден бастап айналдырып жазу керек криминалогияда. Ондай жоқ, не көрді, соны жазады.

3) Үшіншіден, саусақ ізі жөнінен. Саусақ іздері алынған кезде ешқандай нөмірленбейді. Мысалы, Ақтөбе облысы Алға ауданындағы Наренов дегеннің ісі бойынша 20-30 шақты саусақ ізі алынған, ал, бірақ, ол іздер қайдан алынды, белгісіз.

4) Айғақ болар заттарды іріктеуде де кемшілік: оқиға болған жерден алынған заттардың буылып-түйілуіне де көңіл толмайды. Себебі, мөрмен бекітіліп, қолдары қойылған айғақтық заттар кейіннен екінші рет сараптамаға барған кезінде тергеушінің мөрімен бекітілгенін білмей дал болатын, я мөрі жоқ, я оның қолы қойылмаған, яғни екі ортада ашылғандығын айғақтайтын деректер де орын алып тұрады. Мұндай жағдайда оны кім ашты, қашан ашты, жазылып, қолы қойылып, қайтадан бекітілгені көрсетілуі керек. Көптеген істер бойынша мәйітті қарау (осмотр трупа) қажет болады. Ол мәйітті қараған кезде сотқа сарапшы қатысуы керек, не болмаса, дәрігер маман қатысуы керек. Мысалы, Бүркіталинді өлтірген Құлжановтың ісі бойынша Ақтөбе обл. Алға ауданының тергеушісінің хаттамасын алайық. Не дәрігер жоқ, не сарапшы жоқ, өзі хаттама жазып, жарақаттың бәрін өзі толтырған. Бұл хаттаманың іс жүзінде ешқандай дәлелді күші болмайды.

Мұндай кемшіліктер заң бұзушылыққа апарып соқтырады.

Қылмыстық істі тергеуге алғанда күдіктіге айып тағу жайы да мұқият болуы керек. Мән бермеу салдарынан кейде қылмыстық іс қозғалмай-ақ айып

тағыла береді. Мысалы, жақында ғана қылмыстық істер қарайтын сотта ұсталған азаматтарға қарулары бойынша іс қозғалмай жатып, айып тағылған. Тағы бір айтатын мәселе, тергеу тобын құрған кезде ішкі істер органдарының бастықтары өздерінің қарарларын, бұйрықтарын шығарады, тергеу тобын құру жөніндегі. Бұл дұрыс емес. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 198-бабы 1-бөлігінің талабына сай, тергеу тобын құруға тергеу бөлімінің бастығы ғана құқылы. Ал, қалған бұйрықпен құрылған тергеу тобы, оның қарауындағы тергеушінің жасаған іс-әрекеттері заңсыз болып табылады. Ол жөнінде қазірдің өзінде адвокаттар мәселе қойып, бәрін көтеріп жатыр.

Кейбір аудандық жерлерде анықтаушыны тергеуші ретінде қатыстырады да, оған тіпті бұйрық шығармайтын кездер бар. Мысалы, Ойыл ауданында Ширмановтың ісі бойынша тергеу ісі жөніндегі іс-қағазға анықтама жүргізушіге ішкі істер бөлімінің бұйрығы тіпті тіркелмеген. Осының бәрі заңбұзушылық.

Тергеу барысында тінтуге қатысты қандай келеңсіздіктер кездеседі, деп қарастырсақ: Тергеу әрекетінің бірі тінту мен алу болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 232-бабында: «Тінту куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі» деп көрсетілген. Бізде куәгерлер тек екі-үш жағдайда ғана қатысады. Жеке адамды тінтігенде, үйді тінтігенде және үйді қараған кезде ғана. Қалған уақытта айғақ адамдардың заң бойынша қатысуы қазір қарастырылмаған. Сондықтан, тінту мен алу кезінде техникалық құралдарды міндетті түрде қолдану керек. Мысалы, есірткі заттарына байланысты қылмыстық істер бойынша бір қателік, жеке адамды тінту жөніндегі тергеу әрекеті «оқиға болған жердегі қарау хаттамасы» деп жазылып жүр. Бұл мүлде дұрыс емес. Тінту прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі. Ал, егер де айрықша жағдайда, уақыт тығыздығына байланысты жүргізген жағдайда 24 сағаттың ішінде прокурорға хабарланып, ол жөнінде заңды қаулы қабылдануы керек. Ондай құжаттың болмауы тінту жүргізудің заңсыздығына әкеледі. Осы тінту, алу кезінде айғақтық заттар алынады. Сараптама тағайындау кезінде бұлардың үлкен күші бар. Егер тінту мен алу кезінде алынған айғақтық заттарда заң талабы бұзылатын болса, одан кейін сол заттар бойынша оған сараптама тағайындап, уақыт алып жүрудің ешқандай қажеттілігі жоқ.

Кісі өлімі бойынша қаралатын істе өлген кісілердің киімдеріне жасалған сараптама тіркеледі. Ал, ол киім қайдан шықты, қалай алынды деген мәлімет жоқ [3]. Мәйіттің үстінен алынған киім жөнінде ешқандай хаттама толтырылмайды. Сот барысында осы мәселеге қорғаушылар назар аударып, дәлел ретінде алып тастауды жиі ұсынады.

Тергеудегі тіл мәселесі қандай болмақ:

Талай істерді қарастырсақ: сотталушы қазақ, жәбірленуші қазақ, куәлардың бәрі қазақ, бірақ, іс орыс тілінде. Енді ана жәбірленушіден сұрайын десең, ол орыс тілін білмейді. Сотталушының өзі шала-пұла. Сонда тергеушінің өзі қазақ бола тұра неге істі қазақша жүргізбеген? Жүректе кішкене патриоттық сезім болуы керек қой. Сондықтан, тергеушілер ана тілін білуі керек. Ең болмаса, іске қатыстының бәрі қазақ болған жерде қазақша

жүргізу керек қой. Сотқа келген жанға мәселені түсіну үшін сұрақ қоямыз, үн жоқ, ойын жеткізе алмайды. «Тергеудің бәрінде әп-әдемі қылып орысша жазыпсыз ғой, бір қатесіз» дейміз. Осыны өз пайдаларына жаратқан қорғаушылар «кім жазды» десе қатысушылардың «тергеуші жазды» деп жауап беретін кезі аз емес. Сондықтан, барынша тіл мәселесін сақтау керек. Егер айғақ беретін адам қазақ тілді болса, онда тұрған ештеңе жоқ, қазақша берсін жауабын, аударып, іске тігу керек.

Бір өкініштісі, тергеу саласына келген жастар жиі ауысады. Тұрақтап жұмыс істейтіні аз. Көбісі кетіп қалады. Оларды табу, тергеу анықтама саласына сүйреп алып келудің өзі қиын. Өйткені, жұмыстан бәрі қашады. Негізі, ауырлығын біледі. Көбісі жеңіл жұмыс іздейді. Келсе де, өзіміз үйреткенше бір жылдан аспай тағы да басқа салаға кетеді. Арамызда қызметкерлердің 50 пайызы ғана өздеріне сеніп жұмыс істейді. Ал, маманның жетіспеуі, жүктеменің көптігі шалағайлыққа, кемшілікке түрткі болып жатқаны анық. Оның сыртында, заңдылықтар жазылған кодекстердің бетін ашуға да уақыт жетпей жатады. Жалқаулық та болады. Жастарға айтамыз, түсіндіреміз. Күнделікті қылмысты жүргізу кодексінің бетін ашуға ерінетіні рас. Бір-бірінен сұрай салады, шала білгендер, шала түсіндіреді. Білмегендер қолындағы кешігіп тігілген құжаттарды көрсете салады. Осылай тергей бер деп.

Бірақ, тергеушілердің жұмысы ауыр. Таңертең 9-да келеміз, түнгі 12-де кетеді. Сол уақытта олардың оқитыны қылмыстық іс пен соған қатысты материалдар. Қылмыстық істі тергеген маманды шақырып, түсіндіріп, нұсқау жазып береді. Үлкен проблема болған кезде бөлімді толық жинауға тура келеді. Олардың әрқайсысына жеке-жеке түсіндіреді.

Тінту мәселесіне қатысты. Есірткіге қатысты тінту біздің қаржы полициясында көптеп кездеседі. Мысалы, қызметкер пара алу үстінде ұсталған кезде тергеу 6-7 сағатқа дейін ұзақ жүргізіледі. Өздеріңізге белгілі, Жоғарғы Соттың талабы бар, 3 сағаттың ішінде адамды қамау мәселесін шешу жөнінде. Міне, қалыпқа симай, кемшілік жіберуіміздің бір шеті осында. Біріншіден, тінту жүргізу іс қозғалмай жатып үлкен қиындық туғызады. Екіншіден, 3 сағатта адамды қамау туралы шешім шығару да оңай емес. Сол себепті, біз телефонмен байланыста боламыз, бір тергеуші оқиға орнына барып қарап жатқан кезде, екінші тергеуші жұмыста отырып қаулысын басады, үшінші тергеуші адамның өзін көрмей жатып 3 сағаттың ішінде адамды қамау жөнінде хаттама толтыруға тура келеді. Бұл ішкі істерде жедел уәкілдерде болатын өмірі бітпейтін проблема.

Экономикалық істерді қарағанда алдын ала тергеу жүргізген кезде кемшіліктер кетеді. Жалған кәсіпорынға сараптама тағайындаған уақытта олардың салықтан жалтарғандығын анықтау керек. Бұлар сұрақ қойғанда қаулысында жалған кәсіпорын қандай салық төлемеген, қанша салық төлемеген деген сұрақ қояды. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы бойынша, олар жалған кәсіпорын болып танылса, оған салық салынбайды, себебі олардың ешқандай өндірістік қызметі жоқ. Жалған кәсіпорын мәселесінде құйтырқылық көп. Алаяқтар бір кәсіпорын ашып қоймайды,

бірнеше кәсіпорын ашады. Ақшаны алып, бір-біріне төлем құжаттарын жіберіп, «осындай заттарды сатып аламыз» деп бір-бірімен шартқа тұрып та қояды. Ал, негізінде, олар ешқандай затты да әкелмейді, ештеңе істемейді де, тек қағаз түрінде жұмыс жасап, ақшаны бір-біріне аударады. Осындай заңсыздық тергелгенде шарттың ішінде жасалған талаптар орындалды ма, орындалған жоқ па, соны жақсылап тексеру керек. Тауар берілді ме, берілген жоқ па? Ол тауар берілсе, онда бухгалтерияның құжаттарынан өтуі керек. Қоймаға қабылдануы керек. Соның бәрі мұқият тексерілуі қажет. Ал, тергеушілер банктен мекеменің құжаттарын алады да, ары қарай тексермейді. Жалған кәсіпорынның бір мекемесін тексереді де, екінші мекемесі тексерілмей қалады. «Мынау мына ақшаны алған, оны бір-біріне берген» дейді де қалған жағдай жабулы күйінде қалады. Содан кейін «осы мекеме салықтан жалтарды» деп айтады. Жалған кәсіпорындар банктен аз ақша алмайды, миллиондап, 60-70 миллион теңгелеп алады. Жақында тексерілген бір жалған кәсіпорын 400 млн теңге алған. Оның да сұрауы болу керек қой? Былтыр қараша айында заң өзгерді. Соған сай, салық төлемеген мекемелердің қарызы 2 000 айлық есептік көрсеткіштен асса, онда іс қозғалады, ал, оған жетпесе, онда іс қозғалмайды, ол қылмыстық іс деп саналмайды. Ал, тергеушілер болса оған назар аудармайды, сот өздері шешсін деп бізге жолдай салады. Алдымен олар ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексін жақсылап оқып, танысуы керек. Көбісі соны білмейді [4].

Енді жоғарыда аталған кемшіліктердің орнын толтыру мақсатында мынадай іс- әрекеттер атқарған жөн деп ойлаймыз:

1) Қазіргі түсініктегі тергеуші деген институтты мүлдем алып тастап, детектив сияқты жаңа органды қалыптастыратын уақыт жетті. Ол ізкесушілер қылмыстың ізін кесіп, оны анықтап, сезіктіні ұстап, сотқа беретін болады. Ал, қазіргі тергеушілерді негізінен рәсімдеуші деп айтуға негіз бар. Өйткені, жедел уәкілдер оларға дайын адамды, дайын куәлерді ұстап әкеліп береді, ал, тергеушілердің міндеті – солардың бәрін рәсімдеу. Кейбір істер бойынша айыптау қорытындысы бізде бір том болып жатады. Тергеушілерді осындай міндеттен арылту керек. Яғни, оларды кабинеттік жұмыспен ғана айналыстырмай, керісінше, өздері тергеуді жүргізіп, із кесіп, оқиға орнынан бастап, қылмыскерлерді ұстап, куәлардан жауап алып, қылмыскерді іспен бірге бірден сотқа беруге міндеттеген жөн.

2) Қосымша оқу курстарын іске асыру керек. Мысалы, еліміз Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында судьялардың біліктіліктері әр бес жыл сайын екі-үш апта ішінде арттырылып отырылады. Және әр үш жыл сайын біз жоғары тұрған сот сатыларында тәжірибеден өтеміз. Ал, тергеуде осы іспеттес тәжірибенің бар екенін естіген емеспін. Сондықтан да, оларда да қосымша оқу курстары болуы тиіс. Қазіргі заманауи технология, қазіргі заңдардың өзгерістерімен оларды ең болмаса екі жылда бір рет, кем дегенде бір айға оқытып тұру керек. Және де жоғары тұрған ішкі істер органдарында, мысалы, айталық, аудандық ішкі істер басқармасының тергеушісі облыстық Ішкі істер департаментінде, облыста қызмет ететіні Ішкі істер министрлігінен тәжірибеден өтуі қажет. Осылайша, қосымша оқу

жұмыстарын атқарсақ және біліктілігі зор мамандар оқу жұмыстарында жас мамандарға өздерінің білімдерімен бөлісіп, дәрістер оқытылатын болса, онда қазіргі мамандардың келешектегі жағдайының жақсаруына септігі тиетініне күмәнім жоқ.

3) Егер тергеушінің материалдық жағдайын жақсартсақ, онда «оларды қайдан іздейміз?» деп, бас ауыртпас едік. Бос тұрған орын жөнінде хабарлама берсеңіз, іле-шала өз ісін білетін мамандарыңыз қайтып келер еді. Демек, тергеуші мамандарды ынталандыру шараларын қолдану арқылы кәсіби білікті мамандарды таңдап ала аламыз деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінде және оның органдарында қызмет өткеру туралы Ережені, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының қызметкерлері қабылдайтын Ант мәтінін бекіту туралы».
2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2706 У952706 Заң күші бар Жарлығы.
3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997 ж, 13 желтоқсан, Юрист баспасы, Алматы, 2012 ж.
4. Интернет көздері

СОДЕРЖАНИЕ

Абен Т.А. Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....	
Абузярова З. Софистика в современном мире.....	
Адамбеков А.А. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....	
Айтжанов Ш.Қ. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....	
Акимова Н.М. Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....	
Алшымбаев А.М. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы қылмыстан сақтандырушы құрылым.....	
Алыбаева А.М. Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....	
Амир А. Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Асмаг С. Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізудегі маңызы.....	
Асубаева А.С. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізудің тәртібі.....	
Ауельбеков Д. Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....	
Ахметова А. Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....	
Ашимова А. Развитие риторики казахского народа.....	
Аязбаев А.Н. Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокатураның мәртебесі.....	
Байбосынова А. Казахские бии средних веков.....	
Байдалина М. Фальшивомонетничество.....	
Бурдина К. Допрос как разновидность общения.....	
Ганиев А.А. Құқықтық реттеудің қағидалары.....	
Дәуқараев Ұ.Ұ. Мал ұрлығы.....	
Дәулетқалиева Н.М. Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Ділімбетова Ұ.Б. Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....	
Джаугаштина А.К. Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....	
Дүйсенқұл А.Ғ. Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....	
Ем М. К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....	
Жакипбекова М.О. Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....	
Жаксыбеков Б.Б. Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....	
Жангабылова М.Г. Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....	
Исаев К. Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	

Исина М.Ж. Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....	
Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С. Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....	
Каримова М. Специфика судебной речи.....	
Карин А. Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....	
Кемелхан Д. Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізудің негізгі талаптары.....	
Қадырбаева Г., Нургазина Б. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....	
Қапар Д. Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....	
Қуатбекқызы Г. Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....	
Қырғызбаева А. Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....	
Мади Г. Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....	
Макрушин А.О. Тактика обыска и личного обыска.....	
Макрушин А.О. Запрет на курение кальяна в общественных местах.....	
Малакшинов Э.В. Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....	
Мухамедиев М.Н. Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....	
Мырзакулова М.Б. Тергеу қарауын жүргізудің кейбір ерекшеліктері.....	
Нариманов Ә.М. Қазақстан Республикасында терроризммен күресудің шаралары.....	
Нургазина Б.Х. Криминалистикалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....	
Nurgaliyeva A. Memoir. Female crime and its prevention.....	
Нуржанова А.С. Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....	
Өрісбаева З.Т. Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....	
Райымбергенова К.Т. Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....	
Рахиева Ж.С. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....	
Рысқұл Н. Криминалистикалық фотография.....	
Сағынбаева Ә.Е. Әйелдер қылмысының жағдайы.....	
Саламатов Ш. Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстылықтың алдын алудағы рөлі.....	
Салимов А.Б. Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....	
Серікбаев А.М. Қор қордың зияндылығы.....	
Сулейменова А.С. Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....	
Тасбаев Ш. Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....	

Темиржанова Г. Криминологическая характеристика организованной преступности.....	
Тәлей М.С. Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....	
Темирова А.Е. Этика адвоката.....	
Төлмұратова А.Т. Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....	
Ужахов А.А. Допрос как средство доказывания.....	
Федоренко Я. Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....	
Халан С. Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....	
Хильман А.И. Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....	
Шамбулов А. Жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....	